

Литература

1. Рубцов Н.И. Растительный покров Джунгарского Алатау. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1948. – 184 с.
2. Камелин Р.В. Флорогенетический анализ естественной флоры горной Средней Азии. Л., 1973. 278 с.
3. Голоскоков В.П. Флора Джунгарского Алатау. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 224 с.
4. Полевая геоботаника. М.- Л.: Наука.- 1959-1976.- Т.1-5.
5. Ботаническая география Казахстана и Средней Азии (в пределах пустынной области). – СПб., 2003. – 424 с.
6. Быков Б.А. Еловые леса Тянь-Шаня. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 143 с.
7. Ролдугин И.И. Еловые леса Северного Тянь-Шаня (флора, классификация и динамика). - Алма-Ата: Наука, 1989. - 304 с.
8. Отчет о НИР. Изучение закономерностей пространственной структуры и картографирование растительности гор Каратау и Джунгарского Алатау на основе технологий дистанционного зондирования. – Алматы: ИБФ, 2009.

Иманалинова А.А., Димеева Л.А., Усен К.

ЖЕТИСУ АЛАТАУЫНЫҢ СОЛТҮСТІК МАКРОБЕТКЕЙІНДЕГІ ӨСІМДІК ЖАБЫННЫҢ ТАРАЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Жетісу Алатауының солтүстік макробеткейіндегі өсімдік жабынның таралу заңдылықтары қарастырылған.

Кілт сөздер: Жетісу Алатауы, солтүстік макробеткей, өсімдікжабын, қауымдастық.

Imanalinova A., Dimeyeva L., Ussen K.

PATTERNS OF SPATIAL DISTRIBUTION OF VEGETATION ON THE NORTHERN SLOPE OF THE ZHETYSU ALATAU MOUNTAINS

Annotation

This article describes the patterns of spatial distribution of vegetation on the northern slope of the Zhetysu Alatau mountains.

Keywords: Zhetysu Alatau, northern slope, vegetation, community.

ӘОЖ. 631.2

Итекеев А.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР РЕСУСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында жер айналымының нәтижесіне сәйкес әр жыл сайын жер қоры құрамын қайта бөлу тұрақты болып тұрады, соған сәйкес Алматы облысының жер ресурстарын пайдаланудың қазіргі жағдайы жазылған.

Кілт сөздер: жер ресурстары, жер есебі, жер, ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлер, елді мекен жерлері (кала және ауыл елді мекендері), өнеркәсіптік, көлік,

байланыс, қорғаныс және басқа да ауыл шаруашылық емес саланың жерлері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтық жерлері, орман қорының жерлері, су қорының жерлері, босалқы қордың жерлер.

Кіріспе

Әр елдің экономикалық, әлеуметтік тұрақтылығының негізі және басты байлығы - оның жер ресурстары. Осыған орай Қазақстан Республикасында экономикалық құрылысты және саяси реформалау процестері – жер қатынастарын өзгертуді және жер реформасын жүргізу жағдайын бақылауды қажет етеді [1].

Жерді тиімді және ұтымды пайдалану мәселесі өте үлкен, күрделі мәселе. Бұған ұлттық стратегиялық көзқарас қажет. Соған байланысты әр облыс және аудандарда жерді ұтымды пайдалану мен қорғау 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары жасалды. Бұл жоспарда жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану әрі экономиканың түрлі саласының жергілікті жердің қазіргі жағдайына сәйкес келетін геодезиялық және картографиялық өнімдерге қажеттілігін толық қанағаттандыру болып табылады. Алматы облысы бойынша жерді ұтымды пайдалану мен қорғау 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарды «Алматы облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі іске асырады [2].

Алматы облысында жер қорын тиімді және ұтымды пайдалана отырып, жер ресурстарын ұдайы қорғау, топырақтың құнарлығын сақтау, нарықтық экономика жағдайында қоршаған ортаны басқа да шаралармен бірге қорғау, жер ресурстарын техникалық, экономикалық, ұйымдастыру-шаруашылық және құқықтық шаралармен біріктіре отырып, аумақта үлкен мәселе туып отыр. Осы мәселе бойынша «Алматы облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі негізгі мақсаттар қатарынан орын тауып келеді.

Алматы облысының жер қоры 2014 жылдың 1 қаңтары жағдайына қарай 22379,2 мың га құрайды. Алматы облысының жер қорының нысаналы мақсатына байланысты жер санаттарына бөлінуі келесі кесте 1 келтірілген.


Кесте 1 - Алматы облысының жер қорының нысаналы мақсатына сәйкес санаттарға бөліну динамикасы, мың га

Жер санаттары	2010 ж.	2012 ж.	2013 ж.	Өзгеруі (+, -)	
				2013 ж. - 2010 ж.	2013 ж. - 2012 ж.
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	7683,7	7867,5	8090,7	407	223,2
Елді мекендердің жері	846,2	853,9	855,2	9	1,3
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	284,5	282,3	301,8	17,3	19,5
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	1098,1	1086,7	1086,7	-11,4	0
Орман қорының жері	4066,7	4077,7	4076,8	10,1	-0,9
Су қорының жері	193,6	193,4	193,4	-0,2	0
Босалқы жер	8221,9	8020,0	7776,9	-445	-243,1

Барлығы	22394,7	22381,5	22381,5	-13,2	0
Облыстың сыртында пайдаланылатын жер	2,3	2,3	2,3	0	0
Басқа мемлекеттер, облыстар пайдаланатын жер					
Жалпы аумағы	22392,4	22379,2	22379,2	-13,2	0
ЕСКЕРТУ – Алматы облысының 2010, 2012, 2014 жылдардағы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі [3, 4, 5].					

Кесте 1 талдау жүргізу кезінде 2010 жылға қарағанда 2013 жылы Алматы облысының барлық жер қоры 13,2 мың га азайған. Себебі осы жер көлемі Алматы қаласының шегін үлкейту мақсатында жер берілген.

Ол Талғар, Іле, Қарасай аудандары және Қапшағай қаласы жерінен берілген. Ал 2012 жылға қарағанда 2013 жылы өзгерістер жоқ. 2010-2013 және 2012-2013 жылғы жер көлемінің санаттар бойынша айырмашылықтары келесі сурет 1,2 келтірілген.




Сурет 1 - Алматы облысы жер қорының санаттар бойынша бөліну динамикасы

Сурет 1,2 сандардың мағынасы:

- 1 саны - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді;
- 2 саны - елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жерді;
- 3 саны - өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерді;
- 4 саны - ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерді;
- 5 саны - орман қорының жерді;
- 6 саны - су қорының жерді;
- 7 саны - босалқы жерді білдіреді.

Сурет 2 бойынша Алматы облысының жалпы жер қорының ауылшаруашылық мақсатындағы және босалқы жер бойынша үлкен көлемді өзгерістерге ұшыраған. Мысалыға 2010 жылға қарағанда 2013 жылы ауыл шаруашылық мақсатындағы жер – 407 гектарға көбейген бірақ босалқы жер- 445 гектарға азайған. Яғни жыл өте Алматы облысында ауылшаруашылығына көп көңіл бөлінуде.



Сурет 2 - 2010, 2012, 2013 жылғы Алматы облысының жер қорының санаттар бойынша айырмашылықтары

Сурет 2 бойынша 2010 және 2012 жылдарға қарағанда 2013 жылғы өзгерістер келтірілген. Суретте көрсетілгендей барлық санаттар бойынша өзгерістер анықталды. Жалпы 2013 жылғы жер есебі бойынша Алматы облысында 222379,2 мың га жер көлемі бар, соның 36 % ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер. Алматы облысында ауылшаруашылық мақсатындағы жердің көлемін ұлғайту мақсатында пайдаланбай жатқан жерлерді немесе нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбаған жерлерді анықтауға мүмкіндік беретін жерлерді түгендеу жұмыстары жүргізілуде.

Алматы облысында әр түрлі санаттағы жерлерді тиімді пайдалану қатысты мәселелер негізінен екі бағытта жүргізілуі керек:

1. Мемлекет тарапынан жерді тиімді пайдалануға қатысты жүргізілетін іс-қимылдар. Оларды мақсатына қарай үш бөлікке бөлуге болады. Олардың алғашқысы жерді тиімді пайдалануға байланысты заңнамаларды жетілдіру. Қолданыстағы Жер кодексіне сәйкес (92-бап), екі жыл пайдаланбаған жер учаскелері, жерді бақылау инспекциялары тарапынан жазбаша ескерту берілген соң, жер учаскесі тағы да бір жыл пайдаланылмаған жағдайда, сот тәртібінде жер учаскесі оның иесінен мәжбүрлеп алынады. Ал ауылшаруашылық жерлері оларды пайдалануда жер құнарлылығының едәуір төмендеуіне соғатын болса (93-бап), жер инспекциясының талап арыз беруден үш ай бұрын, заң бұзылуын жою туралы жазбаша ескертуден кейін ғана және осы мерзімде жер иесі заңдардың бұзылуын жоймаған жағдайда сот тәртібімен жер учаскесі мәжбүрлеп алынуы мүмкін.

Жерді пайдаланбауына байланысты жер учаскесін алу механизмі өте күрделі және сот процедурасын қоспағанның өзінде, жерді пайдаланбау мерзімі үш жылға дейін созылады. Бұдан басқа жер құнарлылығының төмендеуіне байланысты оларды алып қою тетігі жер құнарлылығының төмендеуінің көрсеткіштері заңнамалармен белгіленбеуіне байланысты бүгінгі күні аталған заң бұзушылық бойынша шара қолдану мүмкін емес. Осы себепті, министрлік тарапынан Жер кодексіне тиісті ұсыныстар әзірленіп, қазіргі кезде олар

Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді. Бұл ретте, жерді пайдаланбағаны үшін оларды алып қою тетігін жетілдіру және ауылшаруашылық жерлерінің ұзақ мерзімге айналымнан шығып қалуының алдын алу мақсатында, кодексте белгіленген екі жыл пайдаланбау мерзімі 5 жыл кезеңдегі екі жыл пайдаланбаған мерзімнен тұратын болады.

2. Келесі шара – ауыл шаруашылығына субсидиялар беруді жүйелендіру. Аталған мәселе бойынша мемлекет саясатының мәні, ол ауыл шаруашылық субъектілеріне берілетін субсидияларды озық технологиялар мен сапалы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және жер ресурстарын тиімді пайдаланатын субъектілерге басымдылық ретінде беруді жүйелендіру болып табылады.

Жерлерді тиімді пайдалану бойынша мемлекет тарапынан жүргізілетін іс-шаралардың келесі бір бағыты, ол жер иелерінің өздері бастамашы болатын іс-қимылдар.

Жерлерді тиімді пайдалану арқылы, осы салада еңбек өнімділігін арттырудың субъектілеріне тиесілі келесі бір бағыт – жерді пайдаланудың ғылыми негізделген жерге орналастыру жобаларын жасау. Жоба аясында жерді сапасы мен мақсатына орай орналастыру шаралары, ауыспалы егістерді қолдануды ұйымдастыру, жерді жел және су эрозиясынан қорғауға және топырақ құнарлылығын арттыруға негізделген жерді өндеудің технологиялық карталарын жасау, нарық сұранысына орай, жергілікті жерге бейімделген ауылшаруашылық дақылдарының құрамын анықтау, тағы да басқа осы айтылған мәселеге қатысты кешенді жұмыстарды жүргізу. Осы себепті бұл шараларды жүргізу жер иелерінің олардың мүдделерімен қатар осы саладағы мемлекет саясатымен ұштасатын іс-шаралар.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. – Алматы: Юрист, 2014. – 104б.
2. *Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т.* Жер ресурстарын басқару. – Астана: Парасат әлемі, 2005. – 284 б.
3. Алматы облысының 2010 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі – Талдықорған: 2010.
4. Алматы облысының 2012 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі – Талдықорған: 2012.
5. Алматы облысының 2013 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі – Талдықорған: 2013,

Итекеев А.Т.

ИССЛЕДОВАНИЕ СОСТОЯНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Ежегодно в результате земельных преобразований в республике происходит постоянное перераспределение состава земельного фонда. В отчетном году продолжены работы по приведению категорий земель в соответствие с земельным, лесным и водным законодательствами. Уточнялись площади категорий земель по результатам проводимой инвентаризации сельскохозяйственных угодий, вовлеченных в сельскохозяйственной оборот.

Ключевые слова: земельные ресурсы, земельный баланс, земля, земли сельскохозяйственного назначения, земли населенных пунктов (городов, поселков и сельских населенных пунктов), земли промышленности, транспорта, связи, для нужд космической деятельности, обороны, национальной безопасности и иного несельскохозяйственного назначения, земли особо охраняемых природных территорий, земли оздоровительного, рекреационного и историко-культурного назначения, земли лесного фонда, земли водного фонда, земли запаса.

Itekeev A.T.

STUDY OF THE STATUS OF LAND RESOURCES DEPARTMENT OF THE ALMATY OBLAST

Annotation

Each year as a result of the land reform in the country is continuously shifting composition of the Land Fund. Work continued during the year to bring the categories of lands in line with land, forest and water legislation. Defining the categories of lands according to the results of the inventory of agricultural land involved in agriculture.

Keywords: land, agricultural land, land settlements (cities, towns and rural settlements) lands of the industrial, transportation and communication, to meet the needs of space, defense, national security and other non-agricultural purposes, land of especially protected natural territories, land, health, recreational, historical and cultural purposes, forest lands, lands of water fund, reserve land.

ӘОЖ 636.041 (574)

Камбарова Г.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШӨЛДІ АЙМАҒЫНЫҢ ЖУСАНДЫ-ЭФЕМЕРЛІ ЖАЙЫЛЫМДАРЫНЫҢ ШӨП ЖАМЫЛҒЫСЫНА МАЛ ЖАЮ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ӘСЕРІ

Аннотация

Мақалада Қазақстанның шөлді аймағының жусанды-эфемерлі жайылымдарының шөп жамылғысына мал жаю жүктемесінің әсері қарастырылды. Ауыл шаруашылығындағы қазіргі кезде жайылымдық жерлерді жүйесіз пайдалану мен басқада келеңсіз жағдайлардың салдарынан жайылымдардың тозуы белең алып, олардың өнімділігі төмендеуде. Осындай орынсыз жағдай жайылымдық экожүйелердің табиғи тепе-теңдігін бұзылуынан, топырақ пен өсімдік жамылғысының тозуынан туындап отыр. Жайылымдық жерлердің тозуы Республикамыздағы мал шаруашылығын дамытуға кері әсерін тигізеді. Мақаланы ғылыми айналымға қоса отырып зерделеу тәжірибесінде мақала авторы тарапынан өзіндік пайымдаулар жасалады.

Кілт сөздер: жайылым, жем-шөптік алқаптар, доминанттық, қуаңшылық, экологиялық-физиологиялық процесстер.

Кіріспе

Табиғи жайылым – Қазақстанның ұлттық байлығы. Осы жайылымдық жерлерден қоғамдық және меншіктік мал шаруашылығы үшін 50 пайыздан аса мал азығын алуға болады. Жайылымдық жер сонымен қатар аймақтың экологиясы деуге болады, өйткені бүкіл республика жерінің 67,4 пайызын мал жайылымы құрайды.

Республика бойынша шөлді және шөлейтті жайылымдар 122,6 млн гектарды құрайды. Сонымен қатар мал өрістеріне пайдаланылатын жайылымдық жерлердегі азық сыйымдылығы жылдан-жылға нашарлауда. Жайылымның шамамен 27 млн гектары толығымен тозуы салдарынан шаруашылықта пайдаланудан қалып, миллиондаған гектарын желінбейтін улы және арамшөп өсімдіктер басып кетуде.

Бірінші кезекте су қорларының маңы, қой қоралары, ауылдар мен жеке жайлар маңайындағы жайылымдық учаскелердің оты нашарлауда. Көптеген жақсы жабдықталған